



**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу  
жылындағы педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары**

| № | Мазмұны                                                                                                                                                                                                     | Мерзімі   | Анықтау нысаны |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|----------------|
| 1 | 1.Педагогикалық әдеп және кеңесті құру туралы ережені құру және бекіту.<br>2.Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті                                                             | Қазан     | хаттама        |
| 2 | 1.Заманауи педагог бейнесі<br>2. Өзінді- өзің тәрбиелеу жолдары                                                                                                                                             | Желтоқсан | хаттама        |
| 3 | 1.Жеке фото суреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.<br><br>2.Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика<br><br>3.Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. | Наурыз    | хаттама        |
| 4 | 1.Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этика нормалары<br><br>2.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау                                                                                         | Мамыр     | хаттама        |

Түзген: М. Өмірбек.

«Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе- оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» педагог өміріндегі ең тамаша нәрсе-оның ата-аналармен арадағы тиянақты қарым-қатынасы. Сондықтан біздің бейнеміз тартымды, сөйлегенге сауатты, әдепті болу керек. Ішкі және сыртқы сезімдеріміз қарым-қатынас барысында заманауи екендігі байқалып тұруы қажет.

Айналамыздағыадамның санасындағы сіздің бейнеңіз туралы көз қарасы.  
Ол сізбен жүздесусіз кейінгі әлемі бейне болып қалыптасуы қажет.

Екінші мәселе: Өзін-өзі тәрбиелеу әдіс-тәсілдері. Психолог: Г. Сайтимбетова  
Психологиялық-педагогикалық әдіс өзін-өзі тәрбиелеу әдістері ол

Өзін-өзі тану

Өзін-өзі дамыту

Өзін-өзі мадақтау

Өзін-өзі ынталандыру

Өзін-өзі бағалау

Ал, өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдеріне адамның өз тұлғасына нақты міндеттер қоюын, ол міндеттердің орындалуын алға тартып өзіне есеп беруі болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде адам бойына адамгершілік, мейірімділік, ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастырып, қоршаған әлеммен, қоғаммен және табиғатпен біртұтас тіршілік етуге дағдыландыру. Өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде күнделікті өміріндегі көкейкесті көрсетеді. Әр адамның мінез-құлқын, көңіл-күйін, мақсатын, өмірлік бағытын, болмысын түсініп, жақсы қасиеттерін аша түсуге, одан әрі дамыту жұмыстарын жүргізгенге ғана үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болады.

### **Қорытынды сөз:**

1. Педагогтың педагогикалық әдебін сақтау және педагогикалық тактиканы қстану барлық ұжым мүшелеріне міндеттелсін.

Кеңес төрөайымы.



М. Өмірбек

Хатшы:

Л. Арзыкулова

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасының  
педагогикалық әдеп кеңесінің  
№1 Хаттамасы**

**24. 10. 2025жыл**  
**Қатысқандар: 26**

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық әдеп және кеңесті құру туралы ережені құру және бекіту.
2. Педагог өзінің кәсіптік міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

**Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы К. Букенбаева сөз алды. Қайырлы күн бүгінгі әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық әдеп және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтыналқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялы есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен кезектер мен жағдайларда талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жергілікті мән-жайларды жан жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстар мен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының меңгерушісіне жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы; егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасының  
педагогикалық әдеп кеңесінің  
№2 Хаттамасы**

**25. 12. 2025жыл**

**Қатысқандар: 26**

**Күн тәртібінде:**

1. Заманауи педагог бейнесі.
2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары.
3. Педагогтардың әлеуметтік желіде және қоғамдық орындарындағы этикалық талаптары.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы  
М. Өмірбек. Қайырлы күн тілеп сөз алды, біз бүгін сіздердің назарларыңызға заманауи  
педагогтың бойынша болуы тиіс 10 қасиетті ұсынамыз:

1. Ұстанымдылық;
2. Ілтипаттылық;
3. Дәйектілік;
4. Талап қоя білушілік;
5. Өз кәсібіне адалдық;
6. Ептілік;
7. Орынды қалжын, т.б.
8. Даналық;
9. Адам жан-дүниесін терең білу;
10. Әрбір ата-анамен тіл табыса білу.

Ең бастысы-педагогикалық әдеп. Ол тәрбиешінің ең басты моральдік қасиеттерінің бірі.

Сонымен қатар кеңестің міндеттері педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша. Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогқа тиісті тәртіптік жаза қолданбауды ұсыну: тәртіптік істі тоқтату. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі кәсіподақ төрайымы: Айгуль Нарманова тәрбиеші өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр тәрбиеленушіге жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден бір жан болса, ол-тәрбиеші. «Адамды киіміне қарап қарсы алады, біліміне қарап шығарып салады» деп дана халқымыз айтқандай, тәрбиеші тәрбиеленушілерді білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Имидждің сыртқы құрамдас бөлігі мимика, қимыл, тембр, және дауыс күші, киім, мәнерлеп жүру. Тәрбиешінің сыртқы көрінісі жұмыс немесе жұмыстан тыс көңіл күй тудыруы, өзара түсіністікке ықпал етуі немесе қиындатуы мүмкін. Ол оны экспрессивті ете алады. Тәрбиеленушілері мен және әріптестерімен табиғи қарым-қатынас жасауға ықпал ете алады. Тәрбиешілерге сыртқы көрініске ұсыныстар айтып кетейін: Ол құрметтеуге сенім туғызуы керек. Киім ыңғайлы болуы керек. Желбезек, жылтырақ, тым жұқа іші көрініп тұратын т.б. сәнді көйлектер қажет емес. Барынша табиғи көрінгендеріңіз жақсы. Макияж бен маникюр байқалмайтындай тода таңдау керек. Аяқ киім техникалық қауіпсіздік ережелеріне сай классикалық формаға сәйкес болуы керек. Шлепкалар мен биік өкшелі аяқ киімде жүруге рұхсат берілмейді.

**Қорытынды сөз:**

1. Кеңес төрайымы М. Өмірбек құрметті кеңес мүшелері және тәрбиешілер бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп және кеңесті құруы тураалы ереже бекітілсін.

2. Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетін түзеу әдебі сақталсын.

Кеңес төрайымы.



М. Өмірбек

Хатшы:

Л. Арзыкулова